

А.Ф. Дүйсенкүл^{1*} , **Ж.А. Оспанова¹** ,
С.М. Мадыхан² , **Г.Д. Тайгамитов³** 

¹Тұран университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Д.А. Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясы, Қазақстан, Алматы қ.

³Қазақ Ұлттық Аграрлық Зерттеу Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail : Akzhan.duysenkul@mail.ru

ЭЛЕКТРОНДЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРУ ЖАҒДАЙЫНДА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі төртінші өнеркәсіптік төңкеріс жағдайында ақпараттық технологиялар адамның күнделікті өмірінен бастап, мемлекет тарапынан маңызды болып табылатын мәселелерді шешуде басты рөлді иеленеді. Заманауи ақпараттық технологияның ықпалымен қоғамдық институттардың өзгерісі үрдісі қалыптасты.

Жаһандану жағдайында геосаяси шиеленістер мен рухани-қоғамдық нигилизмнің белең алуы әлем экономикасының тұрақтылығына кері әсерін беруде. Алайда кез келген дағдарыс жаңа мүмкіндіктердің қалыптасуына септігін тигізеді, сондай мүмкіндіктердің бірі – «цифрландыру» кезеңі.

Цифрландыру қарқыны ел экономикасының дамуына орасан септігін тигізіп, еліміздің күн тәртібінің бағытын айқындап берді. Елімізде қабылданған «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы ел экономикасының барлық секторларын қамтып, жасанды интеллект, блокчейн, Үлкен деректер (Big Data) сияқты жаңа терминдер мен технологияларды кең көлемде қолданумен цифрландыру жүйесі мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың көрсеткіші болып табылады. Аталған бағдарлама аясында «Ашық Үкімет», «Ашық нормативтік-құқықтық актілер (НҚА)» «Ашық мәліметтер», «Ашық парламент» электрондық сервисі іске қосылды.

Цифрландыру кезеңінің артықшылығы ол, әсіресе пандемия кезінде қашықтықтан, қызмет көрсету арқылы, денсаулық сақтау, білім беру жүйесінде, онлайн сауда саласында азаматтардың уақытын үнемдеп, тұрғылықты халықтың өмір сүру жағдайын жеңілдетті.

Түйін сөздер: цифрландыру, электрондық мемлекет, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілері, азаматтардың құқықтары, Конституциялық сот.

A.G. Duisenkul^{1*}, S.M. Madykhan¹,
J.A. Ospanova², G.D. Taigamitov³

¹Turan University, Kazakhstan, Almaty

²D.A.Kunaev Eurasian Law Academy, Kazakhstan, Almaty

³Kazakh National Agrarian Research University, Kazakhstan, Almaty

*e-mail : Akzhan.duysenkul@mail.ru

Some problems of regulation of constitutional and legal relations in the context of building an electronic state

In the context of the current fourth industrial revolution, information technologies, starting from the daily life of a person, play a key role in solving important issues for the state. Under the influence of modern information technologies, there has been a tendency to transform public institutions.

In the context of globalization, geopolitical tensions and the growth of spiritual and social nihilism have a negative impact on the stability of the global economy. However, any crisis contributes to the formation of new opportunities, one of which is the stage of «digitalization».

The pace of digitalization was facilitated by the development of the country's economy and the story of the country's day was announced. «The program «Digital Kazakhstan», which covers all sectors of the economy of the country, shows increasing competitiveness of the country in the system of digitalization with the introduction of such new terms and technologies, as intelligence, blockchain, big data.» Within the framework of this program, electronic services «Open government», «Open government», «open regulatory legal acts (NPA)» «Open Data», «Open Parliament» were introduced.

The advantages of the digitalization stage were that, especially during the pandemic, in remote, service, healthcare, education, online commerce, it saved citizens' time and facilitated the living conditions of the permanent population.

Key words: digitalization, electronic state, subjects of constitutional and legal relations, citizens' rights, Constitutional Court.

А.Г. Дүйсенкүл*¹, Ж.А. Оспанова¹, С.М. Мадыхан², Г.Д. Тайгамитов³

¹Университет Туран, Казахстан, г. Алматы

²Евразийская юридическая академия имени Д.А. Кунаева, Казахстан, г. Алматы

³Казахский Национальный Аграрный Исследовательский Университет, Казахстан, г. Алматы

*e-mail : Akzhan.duysenkul@mail.ru

Некоторые проблемы регулирования конституционных правоотношений в условиях построения электронного государства

В условиях нынешней четвертой промышленной революции информационные технологии, начиная с повседневной жизни человека, играют ключевую роль в решении важных для государства вопросов. Под влиянием современных информационных технологий сложилась тенденция трансформации общественных институтов.

В условиях глобализации геополитическая напряженность и нарастание духовно-общественного нигилизма негативно сказываются на стабильности мировой экономики. Однако любой кризис способствует формированию новых возможностей, одной из которых является этап «цифровизации».

Темпы цифровизации способствовали развитию экономики страны и определили повестку дня страны. Принятая в стране программа «Цифровой Казахстан», охватывающая все сектора экономики страны, является показателем повышения конкурентоспособности страны в системе цифровизации с широким применением таких новых терминов и технологий, как искусственный интеллект, блокчейн, Большие данные (Big Data). В рамках данной программы запущены электронные сервисы «Ашық үкімет», «Ашық Үкімет», «Ашық нормативтік-құқықтық актілер (НҚА)» «Ашық мәліметтер», «Ашық парламент».

Преимущества этапа цифровизации заключались в том, что он, особенно в период пандемии, в дистанционном, сервисном, здравоохранении, системе образования, онлайн-торговле, экономил время граждан и облегчал условия жизни постоянного населения.

Ключевые слова: цифровизация, электронное государство, субъекты конституционно-правовых отношений, права граждан, Конституционный суд.

Кіріспе

XX ғасырдағы коммуникациялық революция тудырған қоғамдық қайта құрулар ғылыми әдебиеттерде бірнеше рет талқыланды. Дегенмен ақпараттық коммуникациялық технологиялардың (АКТ) дамуы мемлекеттің эволюциясына да әсер етіп, оның жаңа түрінің – электронды мемлекеттің пайда болуына бастамашылық етуде. Электрондық мемлекет мемлекет пен жеке тұлғаның өзара әрекеттесуінің, сондай-ақ мемлекеттік жүйе элементтерінің өзара әрекетінің принципті жаңа принциптеріне негізделген.

Құрылымдық жағынан электронды мемлекет тұжырымдамасы биліктің үш тармағын да қамтиды. Электрондық мемлекеттің құрылымын тұжырымдамалау, оның тармақтарын қалыптастыру принциптерін негіздеу бүгінде оны еңсеру жинақталған білімді жүйелеумен және Электронды мемлекет моделіне толық көрініс берумен байланысты. Конституциялық заңнама-

да қоғамдық бастамалардың заң шығару бастамасына ықпал ету тетіктерінің болмауы жария талқылау практикасын заңдардың үстірт заңдастырылуына алып келеді. Егер заң жобасы қоғамдық талқылауға шығарылса және азаматтардың пікірлеріне сәйкес түзетілсе, сондай-ақ, заң шығару бастамасы субъектілерінің еркі болса, қабылданған заң қоғамдық пікірге сәйкес келуі мүмкін. Мемлекет цифрлы технологияны пайдалануға, ол арқылы тұрғындағы цифрлы қызмет көрсетуде, мәселелерді шешуде адам және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау және оларға кепілдік беруді ұмытпауы тиіс.

Бұл ретте әлемдік заң әдебиетінде цифрлық кеңістікте басқару мен реттеудің мүмкіндігі туралы мәселе талқыланады. Интернеттің өзі және көптеген сандық технологиялар (мысалы, суртоcurrency) орталықсыздандырылған және трансшекаралық институттар ретінде құрылған, олар дәстүрлі билік және құқықтық құралдардың көмегімен реттелмейді. Осы ақпараттық

ортадағы мемлекеттің және құқықтың табиғаты өзгере бастайды. «электрондық мемлекет», «желілік құқық», «электрондық тұлға» және т.б. сияқты тұжырымдамалардың пайда болуы кездейсоқ емес,

Электронды мемлекет – мемлекеттік билікті ұйымдастырудың, биліктің үш тармағын да түрлендірудің жана тәсілі. Заң шығару тармағы электронды заң шығару және электронды парламент, электронды үкімет, электронды сот төрелігі арқылы ұсынылады.

Қорытындылай келе, электрондық мемлекет конституциялық мемлекеттің дамуындағы жаңа кезең болып табылады. Электрондық мемлекет жеке тұлғаның, қоғамдардың және мемлекеттің қарым-қатынасын өзгерте отырып, басқару процестеріне қатысушылардың рөлдерін қайта бөлуге бастамашылық етеді, мемлекеттің жеке тұлға алдындағы жауапкершілігінің нақты мүмкіндігіне негіз жасайды.

Зерттеу материалдары мен әдістер

Мақаланы жазу барысында конституциялық құқық саласын зерттеп жүрген отандық және Ресейлік, өзге де шет мемлекеттердің заңгер ғалымдарының атап айтсақ, С.А. Денисов, А.А. Карцхия, И. Шахновская, Т.С. Сафарова, М.А. Джекебаева, Р.Ә. Есбергеннің ғылыми еңбектері мен жазбалары қолданылды. Жұмысты жазу барысында салыстырмалы-құқықтық, модельдеу, сипаттау-диалектикалық талдау және формальды-заңгерлік әдістері жүргізілді. Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-ІІ Қазақстан Республикасының Заңының нормаларына талдау жүргізіледі. Сондай-ақ электрондық мемлекет құру жағдайында конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің, оның ішінде электрондық қоғамдық бірлестіктердің құқықтық мәртебесі анықталды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

Қоғамдық қатынастардың, конституциялық заңнаманың даму серпіні аз зерттелген субъектілердің (мысалы, әлеуметтік қауымдастықтардың) пайда болуына, сондай-ақ, бұрын орын алған құқық субъектілерінің мәнін өзгертуге де ықпал етеді. Құқықтық қатынастардың (киберкеңістік саласында, цифрлық шындық саласындағы құқықтық қатынастар саласында) жаңа

саласын құру субъектілік құрамның өзгеруіне әкеп соғады.

2002 жылы Брюссельде Интернетте адам құқықтарын қорғау жөніндегі «Еуропалық цифрлық құқықтар» (European Digital Rights) халықаралық қоғамдық ұйымы құрылды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) деңгейінде цифрлық кеңістіктегі құқықтық қатынастар субъектілерінің әртүрлі құқықтары мен міндеттеріне байланысты белгілі бір түрде бірқатар халықаралық құжаттар қабылданды.

Атап айтқанда, 2003 жылғы Цифрлық мұраны сақтау туралы Хартия, оның ережелері адамның білімін және оларды цифрлық ортада көрсетудің әртүрлі формаларын сақтауға бағытталған. Хартияда мемлекеттер шеңберінде жаңа конституциялық құқық – болашақ ұрпақтың мемлекеттің цифрлық мұрасына қол жеткізу құқығы қалыптасады деп айтуға болады. Бұл электрондық мемлекеттегі маңызды бағыт, ол уәкілетті субъектілерді цифрлық мұра элементтері бар ақпараттық құрылғылар мен бағдарламаларды уақтылы жаңарту үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндеттейді. Халықаралық құжаттардың осы санатына БҰҰ-ның 2005 жылғы халықаралық шарттарда электрондық хабарламаларды пайдалану туралы Конвенциясы жатады, ол «коммерциялық кәсіпорындары әртүрлі мемлекеттерде орналасқан Тараптар арасында шарттар жасасуға немесе орындауға байланысты электрондық хабарламаларды пайдалануға қолданылады». Осы құжатта заңды тұлғалар үшін кәсіпкерлік қызмет бостандығын дамытуды іске асырудың ерекше тәртібі белгіленеді.

Қазіргі кезеңде ақпараттандыру мен цифрландырудың рөлін күшейтуді ескере отырып, ақпараттық саладағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу басымдықты талап етеді. Осы мақсатта азаматтардың дербес деректерін қорғауға, елдің ақпараттық егемендігі мен киберқауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік құқықтық актілерді қабылдау қажет.

Ақпараттық қоғам мен электрондық мемлекет құру үрдісі салыстырмалы түрде бұрыннан «іске қосылған». Қазақстан Республикасында электрондық мемлекет құру 2003 жылдан бастау алады, елімізде «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» 2003 жылы 7 қаңтарда Қазақстан Республикасының заңы қабылданды (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51035484#activate_doc=2). 2004 жылы 17 сәуірде «Электрондық құжат айналымы ере-

жесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы қабылданды (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51047502#activate_doc=2). Одан әрі электрондық мемлекет құруды ынталандыратын бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Мәселен, «Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 Қаулысы (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30856252#activate_doc=2), 2017 жылғы 12 желтоқсандағы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>) және т.б. бірқатар актілер қабылданды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы арнайы рейтинг арқылы электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша мемлекеттердің позицияларын үнемі қадағалап отырады. 2018 жылы Қазақстан Республикасы 39 орында болды. Ал, Ресей Федерациясы – 32, Беларусь – 38, Литва 40-орынды иеленді. 2018 жылғы «электрондық көшбасшылар» қатарында Дания, Австралия, Корея Республикасы, Ұлыбритания, Швеция мемлекеттері орнықты (Денисов 2019).

Заңнаманың жаңа блогын әзірлеу қажет пе, әлде Интернет желісіндегі субъектілердің мінез-құлқын құқықтық реттеудің ұқсастығын қолдану жеткілікті ме, соны анықтау маңызды. Айта кетейік, 2019 жылдың 10 наурызында Мәскеу қаласында митинг өтті, ондағы басты мақсат – ақпараттық кеңістікті пайдаланушыларды өздерінің цифрлық құқықтарын қорғау үшін заңды маңызды әрекеттерге тарту міндетін қоятын «Цифрлық қорғаныс» жаңа қоғамдық компаниясын насихаттау болды.

Конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесін «жаңа» құқықтық реттеу туралы мәселені шешуде бірқатар факторларға назар аудару маңызды, олар:

Біріншіден, «электрондық мемлекеттің» нақты саласының мазмұны мен түсінігі (электрондық сауда, электрондық медицина, электрондық білім беру және т.б.), оның ерекшелігін түсіну, киберкеңістіктің дамуына байланысты сапалы өзгерістерді анықтау болып табылады. Мәселен, Беларусь Республикасының «күн тәртібінде» жергілікті өзін-өзі басқарудың жаңа тұжырымдамасын әзірлеу басты орында, онда жетекші сарапшылар IT технологиялардың дамуын ескере отырып, жергілікті электронды басқару жүйесін құруға бейім. Осыған байланысты ха-

лықтың консенсусқа қол жеткізуін, жергілікті мемлекеттік органдармен «диалог» жүргізу үшін және тікелей қолжетімділікті қамтамасыз ететін түрлі ақпараттық алаңдарды құру орынды. Мысалы, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Заңның 9-бабына сәйкес электрондық құжат айналымы жүйесіне қатысушы:

1) куәландырушы орталық тіркеген электрондық цифрлық қолтаңба ашық кілтінің тиесілілігі мен жарамдылығын растау үшін осы куәландырушы орталыққа жүгінуге;

2) бірнеше куәландырушы орталықтың қызмет көрсетуін пайдалануға құқылы (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51035484#activate_doc=2).

Сондай-ақ сот жүйесінде «Төрелік», «Сот кабинеті» жүйелері, сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай реестрі арқылы электронды-цифрлы форматқа көшу үрдісі де өзінің тиімді нәтижесін беруде. Енді, кері тұсы, қаржы пирамидалары, лудомания секілді жастардың болашағына балта шабатын үрдістердің көптеп орын алуы болып табылады. Осы ретте, мемлекет тарапынан ақпараттық технологияларға қатысты заңнаманы қайта жетілдіріп, әлеуметтік қайшылықтарды болдырмау үшін заманауи цифрлы әдіс-тәсілдерді меңгеру және бюрократиялық кедергілерден арылып, Конституцияның рөлін күшейтілуі тиіс деп санаймыз.

Шет мемлекеттердегі цифрландыру жүйесіндегі тәжірибені ескере отырып, келесідей қорытынды жасауға болады:

1. Цифрлы өркениет жағдайында ақпараттық технологияға қатысты

заңнама жетілдіруді қажет етеді. Өйткені, ақпарат ағымында азаматтардың жеке басына, олардың жеке бас мәліметтеріне қол сұғылмауы тиіс.

2. Мемлекет цифрлық кеңістікте конституциялық нормалар мен принциптер негізінде адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарымен қоса, егеменділік, ұлттық қауіпсіздік сияқты іргелі құндылықтарды қорғауы тиіс.

3. Цифрлы өркениет жағдайында адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың шектелуі ғана емес, сондай-ақ, оған мемлекеттің араласуы да айқын көрінеді.

Екіншіден, негізгі құқықтар мен бостандықтардың мәнін түсіндіру. Бұл бағытта түрлі тәсілдер бар. А.А. Карцхия «цифрлық революция Интернеттің, басқа да ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың цифрлық кеңістігін-

де жаңа құқықтарды тудырады және азаматтың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың жаңа аспектілерін береді» деп есептейді (Карцхия 2018). Ғалымдардың тағы бір санаты IT-технологияларды пайдалана отырып, цифрлық дәуір жағдайында қолда бар құқықтарды іске асырудың жаңа тәсілдері туралы көзқарасты ұстанады. Мысалы, 2018 жылы Америка Құрама Штаттарында Батыс Вирджинияда американдық азаматтардың дауыс беру құқығы блокчейн платформасы арқылы алғаш рет жүзеге асырылды. Бұл мемлекеттен тысқары жүрген АҚШ азаматтарына сайлау құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Аталған мәселеге қатысты В.Д.Зорькин мынадай ұстанымды білдіреді: «Жаңа цифрлық кезең жағдайында мемлекет адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын (сөз бостандығы, оның ішінде мемлекеттік органдардың араласуынсыз және мемлекеттік шекараларға қарамастан ақпарат пен идеяларды алу және тарату еркіндігі), жеке өмірге қол сұғылмаушылық құқығы, жеке және отбасылық құпиялар және т.б. нақтылайтын кез келді» (Шахновская 2019: 208).

Электрондық мемлекет құру жағдайында құқықтық қатынастар субъектілері үшін мемлекеттердің Конституциялары деңгейінде жаңа ақпараттық құқықтарды қамтамасыз ету маңызды: ақпараттық ортада теңсіздіктің ықтимал көріністерін қалыптастыратын цифрлық құзыреттерді дамыту құқығы; осы құқықты заң деңгейінде шектеу мүмкіндігін ескере отырып, Интернет желісінде өзін-өзі білдірудің мәдени, саяси және өзге де нысандарына құқық; осы құқықты заң деңгейінде шектеу мүмкіндігін ескере отырып, Интернет желісінде өзін-өзі білдірудің мәдени, саяси және өзге де нысандарына құқық; халықтың әлеуметтік осал топтарының осы ресурстарға нақты қол жеткізуін көздейтін цифрлық технологияларға қол жеткізу құқығы; цифрлық ортада құқықтарды қорғау тетігін қамтамасыз ету, оған тек сот және құқық қорғау органдары ғана емес, сонымен қатар, «ақпараттық жауапкершіліктің» жаңа шаралары (контентті бұғаттау, спамға енгізу, әлеуметтік желілердегі бетті алып тастау, электрондық сауда айналымының жосықсыз субъектілерінің тізіміне енгізу және т.б.) әзірленуі тиіс.

Қытайда жаңа «электрондық» субъектілері қатары ұлғаюда. Мәселен, Қытайда Интернет-сот құру жоспарлануда, ол үшін арнайы құрылған Интернет-платформада істер қаралады және іске қатысушылар барлық сот процесін бақылап,

сотқа қашықтықтан қатысады. Сонымен қатар Қытайда ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын Ұлттық қадағалау комиссиясы құрылған.

Қазіргі «электрондық мемлекеттегі» құқықтық қатынастарды реттейтін заңнама жоғары заңдық күші бар нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына толық сәйкес келуге тиіс. Конституцияның 1-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады» (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029). Цифрлық нақтылықты дамыту жағдайында Конституцияның 20-бабына сәйкес сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029). Ақпаратты электрондық кеңістікте тарату, сақтау және пайдалану саласында және ұлттық қауіпсіздік, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық құқықтық тәртіп және т.б. сияқты маңызды конституциялық құндылықтар саласында азаматтардың мүдделерінің конституциялық-құқықтық тепендігін табу мәселесі орынды туындайды.

Электрондық мемлекеттің құрылысы доктринада бекітілген белгілі – «адам – қоғам – мемлекет» үштігінің тепе-теңдігіне қол жеткізу үшін жаңа конституциялық принциптерді туындатады. Цифрландыру үрдісі барлық мемлекеттердің үрдісі болғандықтан, Конституция нормаларында сыртқы саясаттағы ақпараттық технологиялардың бейтараптығын ескере отырып, оны жаңа мазмұнмен толтыра отырып, мемлекеттің бейтараптығы қағидатының мазмұнын қайта қарау, сонмен қатар, ақпаратты ұсынудың, ғаламдық Интернет желісі арқылы деректерді берудің қолжетімділік принципін, гендерлік теңдік принципін және ақпараттық кеңістікте бейнелерді қалыптастыруды белгілеу маңызды.

Конституциялық құқықтық қатынастар субъектілерінің Интернет-кеңістігіне белсенді қатысуы олардың құқықтық және саяси жауапкершілігін арттыруды көздейді. Бұл бағытта субъектілердің іс-әрекеттері заңды немесе заңсыз сипатта болуы мүмкін. Мысалы, Мысалы, Қазақстан Республикасының қылмыстық заңна-

масы Интернеттің ғаламдық компьютерлік желісінде орналастырылған жағдайда жала жабуды және қорлауды қоғамға қауіпті іс-әрекет деп тануды көздейді. Осындай әрекеттер үшін әкімшілік жауапкершілік Интернет-кеңістікті қоспағанда, ұқсас әрекеттерді өзге тәсілдермен жасау жолымен ғана көзделеді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының алғышартында «...өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып» деген еліміздің бүгінгі мен болашағы үшін халықтың жауапкершілігі мәселесіне қатысты осындай тұжырым бар. Алайда, бұл жауапкершілік құқықтық тұрғыда емес, керісінше, белгілі бір саяси аспектіні білдіреді. Егер электрондық мемлекеттің қалыптасуы және оның құрамдас бөліктерінің бірі ретінде электрондық демократия институтын дамыту туралы сөз қозғайтын болсақ, онда халықтың электрондық мемлекеттің бүгінгі күні мен болашағы үшін саяси жауапкершілігі туралы дәйекті қорытынды туындайды. Бұл тұрғыда, ақпараттық технологияларды дамытудың тиісті деңгейін ескере отырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды толық көлемде қамтамасыз етуге дайындық туралы, Интернет желісінде сайлау алдындағы үгіт жүргізетін сайланбалы лауазымдарға кандидаттардың жауапкершілігін арттыру туралы, жаһандық ақпараттық кеңістікте орналастырылған ақпараттың сапасы туралы, оның ішінде қоршаған ортаның жай-күйі туралы және т.б. туралы ой өрбіте аламыз.

Қазіргі кезеңде интернет желісіндегі әртүрлі бірлестіктердің маңызы арта түсуде. Осыған байланысты интернет кеңістігінде әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы қалыптасқан әлеуметтік қатынастарды қайта қарастыру және нақтылау байқалады.

Шынайы демократиялық мемлекет құруда азаматтар өздерінің әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани, саяси және басқа да мүдделерін жүзеге асыратын қоғамдық бірлестіктер маңызды рөл атқаруға арналған.

«Қоғамдық бірлестіктер» ұғымы саяси партиялардан бастап қоғамдық көркемөнерпаздар мен қоғамдық өзін – өзі басқару бірлестіктеріне дейінгі азаматтар бірлестіктерінің кең ауқымын қамтиды (Сафарова 2007: 25). «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы-

ның 1996 жылғы 31 мамырдағы № 3-І Заңына сәйкес азаматтардың қоғамдық бірлестіктері болып Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар табылады (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005615).

Ал «Электрондық қоғамдық бірлестіктердің» пайда болуы ақпараттық қоғам шеңберінде дамып келе жатқан қатынастардың жаңа түріне көшумен, «электрондық мемлекеттің» құрылуымен байланысты. Жаңа ұжымдық құрылымдар, әдетте, бір реттік мәселелерді шешу үшін құрылады, уақытша мерзімге құрылады және азаматтардың қоғам мен мемлекет істерін басқаруға қатысуының тиімді және қолжетімді тәсілі ретінде әрекет етеді.

Электрондық қоғамдық бірлестіктер азаматтық қоғамның элементі болып табылады, олар өз кезегінде қазіргі кезеңде мемлекеттегі аумақтық шекаралармен шектелмейді, бұл оның бірқатар субъектілерінің Интернет желісіне көшуіне байланысты. Сонымен қатар конституциялық құқық ғылымында азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы диалог құруда, сондай-ақ олардың мүдделерінің белгілі бір конституциялық-құқықтық тепе-теңдігіне қол жеткізуде маңызды элемент ретінде әрекет етеді. Азаматтық қоғам азаматтық құқықтармен реттелетін және саяси мемлекетке тәуелсіз әрекет ететін жеке тұлғалардың, әлеуметтік топтардың, топтардың және институттардың күрделі желісін қамтиды. Әр елде азаматтық қоғамның қалыптасуы әр түрлі және күрделі процесс. Ол елдің бірегей ішкі және сыртқы ерекшеліктерін ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамумен байланысты жинақталған тәжірибе нәтижесінде дамиды (Джекебаева 2023: 95). Сонымен бірге, азаматтық қоғамның және оның институттарының бостандығы мен тәуелсіздігі абсолютті бола алмайды, бұл бірқатар конституциялық-құқықтық нормаларда белгіленген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес, «әркім өзінің жеке салымдары мен жинаған қаражатының, жазысқан хаттарының, телефон арқылы сөйлескен сөздерінің, почта, телеграф арқылы және басқа жолдармен алысқан хабарларының құпиялылығы сақталуына құқығы бар. Бұл құқықты шектеуге заңда тікелей белгіленген реттер мен тәртіп

бойынша ғана жол беріледі (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029). Бұл норманы жеке адамның құқықтарын шектеу мәселелерін шешуде қолдануға мүмкіндік беретініне қарамастан, адамдардың ұжымдық құқықтары мен бостандықтарына да қатысты болуы тиіс деп санаймыз. Осыған байланысты әскери іс-қимылдарды, нәсілдік немесе кемсітушіліктің өзге де нысандарын, наразылыққа шақыруды, мемлекеттік билікке нұқсан келтіруді және т.б. насихаттайтын Интернет желісіндегі электрондық қоғамдық бірлестіктерді шектеу және бақылау маңызды. Мұндай әрекеттерді мемлекет пен қоғам мүдделерінің конституциялық-құқықтық теңгерімін қамтамасыз ету үшін қажетті және ұжымдық конституциялық құқықтар мен бостандықтарға қол сұғылмайтын іс-әрекеттер ретінде қарау қажет.

Интернет танымалдығының артуына байланысты әлеуметтік желілер пайдаланушыларымен өзара әрекет маңызды мәнге ие болып отыр. Әлеуметтік сервистер арқылы электронды үкіметті белсенді жылжытуға болады. Facebook, Вконтакте, Twitter, Одноклассники, Instagram және WhatsApp әлеуметтік желілері арқылы портал туралы ақпараттандырып отыру тиімді (Есберген 2019: 243). Электрондық бірлестіктердің айтарлықтай айырмашылығы – әлеуметтік желілер, құқықтық форумдар және басқа да ақпараттық платформалар арқылы қоғамдық талқылауларды ұйымдастыру мүмкіндігі. Мұндай талқылаулар қоғамдық және мемлекеттік саладағы құқықтық мәселелерге қоғамның назарын аударуға көмектеседі. Сонымен қатар электронды бірлестіктер, әдетте, ситуациялық сипатта болады. Электронды бірлестіктер бір жолғы міндеттерді шешу үшін өз бастамасы бойынша құрылуы мүмкін. Мұндай мысалдар ретінде азаматтардың электрондық петиция беру жөніндегі бастамалары, Вконтакте әлеуметтік желісіндегі пайдаланушы топтар және т.б. болуы мүмкін.

Зерттеушілердің басым бөлігі адамзат өркениеті өз дамуының жаңа кезеңіне – ақпараттық қоғамға көшуде, ол қоғам өміріндегі ақпараттың, білімнің, ақпараттық технологиялардың рөлінің ұлғаюымен, сондай-ақ коммуникациялық процестердің жоғары жылдамдығымен сипаттайды. Өзгерістер қоғам өмірінің барлық салаларында болып жатқан ақпараттық экономиканың (жоғары технологияларға бағдарланған), электрондық демократияның және электрондық мемлекеттің, электрондық әлеуметтік желілердің, қоғамдас-

тықтардың және қоғамдық дамудың осы кезеңіне тән басқа да құбылыстардың пайда болуына алып келеді.

Ақпараттық қоғам мүшелерінің қызметінің негізінде ақпарат, ақпараттық ресурстар және ақпараттық өнімдер жатыр, ал оның болуы ақпаратқа жүгінуге негізделген. Осыған байланысты ақпаратқа жүгіну кезінде туындайтын қатынастарды реттеу (оның ішінде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып) қазіргі заманғы заңнама мен құқықтың неғұрлым өзекті міндеттерінің біріне айналууда.

Сонымен қатар мұндай құқықтық қатынастардың субъектісі болып тек адам ғана емес, сонымен қатар, субъектілердің барлық алуан түрлілігі: мемлекет, мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық ұйымдар болып табылады.

Ақпараттық қоғамның қалыптасуы мен дамуының айқындаушы факторларының бірі – интернет технологияларының таралуы. Ақпаратты таратудың дәстүрлі құралдарымен салыстырғанда Интернеттің ерекшеліктеріне байланысты. Олардың ішінде мынадай ерекшеліктерді атап өтуге болады:

- қолжетімділік (пайдаланушылардың кең аудиториясы және оны шектеусіз кеңейту мүмкіндігі, ақпаратты трансшекаралық тарату);
- ақпаратты таратудың жоғары жылдамдығы мен жеделдігі, эфир уақытымен, баспа жолақтарының санымен шектелмеген ақпараттың үлкен көлемін тарату, интернет-сайттарда оларды орналастырғаннан кейін ұзақ уақыт бойы контентті сақтау;
- мультимедиялық (өртүрлі нысандағы ақпаратты ұсыну: мәтін, бейне, дыбыс және т.б.);
- ақпараттың (цензураның) мазмұнына алдын ала бақылаудың іс жүзінде болмауы.

Бүгінде әлемде 5,16 миллиард адам интернет желісін пайдаланады. Бұл көрсеткіш әлем халқының 64,4%-ы интернетке қол жеткізе алады дегенді білдіреді. Бір жыл ішінде интернет пайдаланушылар саны 1,9%-ға өсіп отыр. 2022 жылғы дерек бойынша әлем халқының саны 8 миллиардтан асып, 2023 жылдың басында 8,01 миллиардқа жеткен. Оның ішінде дүние жүзі халқының 57%-дан астамы қалаларда тұрады (<https://www.web-canape.ru/business/statistika-interneta-i-socsetej-na-2023-god-cifry-i-trendy-v-mire-i-v-rossii/>).

Ғаламдық Интернет желісінде субъектілердің үш негізгі тобын бөліп қарастыруға болады :

1) интернет желісін пайдалануды, кеңейтуді және дамытуды қамтамасыз ететін желінің ақпараттық инфрақұрылымының бағдарламалық-техникалық бөлігін жасаушылар;

2) желідегі ақпарат өндірушілер мен таратушылар, сондай-ақ желіге қосылу жөніндегі қызметтерді ұсынатындар;

3) ақпаратты және желі қызметтерін тұтынушылар, олар өз кезегінде ақпаратты тұтынушыларға, хостинг бойынша қызметтерді тұтынушыларға және ақпараттық почта қызметтерін тұтынушыларға бөлінеді (Аргылов 2017: 4).

Ғаламдық интернет – бұл әртүрлі мақсаттары, қажеттіліктері мен мүмкіндіктері бар әртүрлі субъектілер арасындағы қарым-қатынастардың дамыған жүйесі, осы ретте олардың қызметін реттеуді және құқықтары мен міндеттерін нормативтік бекітуді талап етеді.

Интернет желісін басқару процесіне сондай-ақ олардың негізгілері азаматтық қоғам, бизнес және мемлекет болатын субъектілердің көп саны қатысады. Соңғысына қатысты айта кету керек, оның ғаламдық желіні басқару жөніндегі құқығы Ақпараттық қоғам жөніндегі Дүниежүзілік саммиттің Женева раундында қабылданған Қағидалар Декларациясында бекітілген, онда «Интернетпен байланысты мемлекеттік саясат мәселелері бойынша саяси билік мемлекеттердің егемендік құқығы болып табылады.

Интернет қызметі саласындағы қатынастарды құқықтық реттеудің негізгі қайнар көзі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады, онда әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді (20 бап). Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті (18 бап) (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029).

Интернеттегі қарым-қатынастар, ең алдымен, ақпаратты берумен байланысты болғандықтан, «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңын атауға болады (https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228#activate_doc=2).

Интернет қызметтерін көрсету үшін аталған Заңға сәйкес телекоммуникациялық желілерді пайдалану арқылы ақпаратты беру қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, шектеусіз жүзеге асырылады. Заңда онсыз интернет-қызметтерді көрсету мүмкін болмайтын бірқатар негізгі ұғымдар ашылады.

Айта кету керек, Заңда ақпараттық-телекоммуникациялық желі, электрондық хабарлама, электрондық құжат, интернет-сайт, іздеу жүйесі, домендік атау, желі мекен-жайы және т.б. ұғымдар айқындалады. Сондай-ақ Заңда интернет желісіндегі қызметтерді ұсынатын бірқатар субъектілердің: Интернет желісіндегі веб-сайт иесінің, ақпараттық жүйе операторының, хостинг провайдерінің құқықтық мәртебесін белгіленеді.

Аталған Заң электронды Үкіметтің құқықтық базасын қалыптастыруды, ақпараттық-коммуникациялар нарығының жетілдіруді, Халық үніне құлақ асатын мемлекет ретінде халық пен билік арасындағы байланысты орнатуды, қоғамды ақпараттандыруға толық көшуге жағдай жасауды және ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық реттеуді жетілдіруді, дербес деректерді қорғаудың құқықтық базасын қалыптастыруды жүзеге асырады.

Қорытынды

Электрондық мемлекет құру конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілерінің мазмұны мен құқықтық мәртебесінің өзгеруіне әкеледі. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен бостандықтарының мазмұнының маңызы зор. Цифрландыру шынайылық саласы, бір жағынан, заң шығарушының қоғамдық қатынастарды дамытуға реакциясының артта қалуына, екінші жағынан, конституциялық-құқықтық қатынастар субъектілері үшін қолжетімді жаңа талаптардың, шектеулердің, мүмкіндіктердің практикада әлі де жеткіліксіз байқалуына негізделген бірқатар құқықтық проблемаларды туындатады.

Негізгі конституциялық принциптер де қайта құруға жатады. Алдыңғы орынға онда ақпараттық технологиялардың бейтараптығы қағидаты мен Интернет желісіндегі ақпаратқа қол жеткізу қағидаты жатады.

Электрондық мемлекет кезеңінде конституциялық-құқықтық қатынастардың ескірген

классикалық субъектісі жаңаларын алмастырады. Мұндай субъектілерге, әдетте, формальды ресімделмеген (тіркеу жарғылық құжаттары түрінде), ахуалдық сипаты бар, қысқа мерзімде қоғамды және мемлекетті басқару саласында шешімдер қабылдауға қабілетті құрылымдар

(бастамалар) болып табылатын электрондық қоғамдық бірлестіктер жатады.

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, мұндай бірлестіктердің, әсіресе конституциялық құқықтар мен бостандықтарды қорғау саласындағы зор әлеуетін көрсетеді.

Әдебиеттер

Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Қазақстан Республикасының Заңы (2023.01.05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51035484#activate_doc=2

«Электрондық құжат айналым ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 сәуірдегі № 430 қаулысы (2017.12.10. берілген өзгерістер мен толықтырулармен) (күші жойылды). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51047502#activate_doc=2.

«Электрондық мемлекеттік қызметтің үлгі регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 қазандағы № 1116 Қаулысы (күші жойылды). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30856252#activate_doc=2.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» (Күшін жойған) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.

Денисов С.А., 2019, «Основные конституционные обязанности государства и их реализация, «Конституционное и муниципальное право», № 6.

Карцхия А.А., 2018, Цифровая трансформация и права человека, «Русская политология – Russian political science», № 4.

Шахновская И. «Особенности субъектов конституционно-правовых отношений в условиях построения электронного государства: на примере Республики Беларусь и зарубежных стран». *Studia Socii Uniwersytetów Pogranicza*, 2019. №3. 208 С.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029.

Т.С. Сафарова. «Конституционно-правовой статус общественных объединений в Республике Казахстан (некоторые аспекты его урегулирования)». № 3 (7) 2007 г. Вестник Института законодательства Республики Казахстан. С. 25.

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы № 3-І Заңы (2023.01.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005615.

М.А. Джекебаева. «Азаматтық қоғам институттарының ерекшеліктері: халықаралық тәжірибе». Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы №2 (102). 2023 <https://bulletin-ir-law.kaznu.kz/>. 95 б.

Р.Ә. Есберген. «Қазақстандағы электронды мемлекеттік көрсетілетін қызмет жарнамасы: жағдайы, әлемдік тәжірибе және даму мүмкіндіктері». Серия «Экономика». № 3(95)/2019., 243 б.

Статистика интернета и соцсетей на 2023 год – цифры и тренды в мире. <https://www.web-canape.ru/business/statistika-interneta-i-socsetej-na-2023-god-cifry-i-trendy-v-mire-i-v-rossii/>.

Аргылов Н.А. Особенности институционализации медиарынка и формирования информационного пространства Республики Саха (Якутия) // МедиАльманах. 2017. № 4. С. 4.

«Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V Заңы (2024.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228#activate_doc=2.

References

«Ақпараттандыру туралы» Kazakhstan Respublikasynyn 2015 zhylygy 24 karashadagy № 418-V Zany (2024.01.01. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) [law of the Republic of Kazakhstan dated November 24, 2015 No. 418-V] on Informatization « (with amendments and additions made on 01.01.2024)] https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37847228#activate_doc=2.

Argylov N.A. Osobennosti institutsionalizatsii mediarynka i formirovaniya informatsionnogo prostranstva Respubliki Saha (Yakutia) [Identity institutionalization of media and formation of Information Society of the Republic of Sakha (Yakutia)] // Medi-aAlmanah. 2017. – № 4. – S. 4.

Denisov S.A., Osnovnye konstitucionnye obyazannosti gosudarstva i ikh realizaciya, «Konstitucionnoe i municipalnoe pravo» [Basic constitutional obligations of the state and their implementation, «Constitutional and Municipal Law»] No. 6, 2019.

Dzhekebayeva M.A. «Azamatytk kogam instituttarynyn erekshelikleri: halykaralyk tazhiribe». Halykaralyk katynastar zhane halykaralyk kuyyk seriasy [“Features of civil society institutions: international experience”. International relations and international law] – №2 (102) 2023. <https://bulletin-ir-law.kaznu.kz/>. – 95 б.

Esbergen R.A. «Kazakhstanadagy elektrondy memlekettik korsetiletin kyzmet zharnamasy : zhagdaiy, alemdik tazhiribe zhane damu mumkindikteri» [Advertising of electronic public services in Kazakhstan: state, world experience and development opportunities]. Seria «Ekonomika». № 3(95)/2019., 243 б.

«Elektronдық kuzhat zhane elektronдық tsyforlyk koltanba turaly» 2003 zhylgy 7 kantardagy № 370-II Kazakhstan Respublikasynyn Zany (2023.01.05. berilgen ozgerisner men tolyktyrularmen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated January 7, 2003 No. 370-II on electronic document and electronic digital signature (with amendments and additions made on 05.01.2023)].

«Elektronдық kuzhat ainalym erezhesin bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2004 zhylgy 17 sauirdegi № 430 kaulysy (2017.12.10. berilgen ozgerister men tolyktyrularmen) (kushi zhoilydy) [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 17, 2004 no. 430 “On approval of the rules of electronic document management” (as amended and supplemented on 10.12.2017) (canceled)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51047502#activate_doc=2.

«Elektronдық memlekettik kyzmettin ulgi reglamentin bekitu turaly» Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2010 zhylgy 26 kazandagy № 1116 Kaulysy (kushi zhoilydy) [resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated October 26, 2010 No. 1116 “On approval of the standard regulations of the electronic public service” (canceled)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30856252#activate_doc=2.

Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiasy 1995 zhylgy 30 tamyz (2022.19.09. berilgen ozgerister men tolyktyrularymen) [The Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995 (as amended and supplemented on 09.19.2022)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029.

Karchiya A.A., Cifrovaya transformaciya i prava cheloveka, «Russkaya politologiya – Russian political science» [Digital Transformation and Human Rights, «Russian Political Science – Russian political science»] No. 4, 2018.

«Kogamdyk birlesikter turaly» Kazakhstan Respublikasynyn 1996 zhylgy 31 мамыrdagy № 3-I Zany (2023.01.07. berilgen ozgerister men tolyktyrularymen) [Law of the Republic of Kazakhstan dated May 31, 1996 No. 3-I «On public associations» (with amendments and additions made on 01.07.2023)]. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005615.

Shahnovskaia I. «Osobennosti subektov konstitusionno-pravovih otnoshenii v usloviyah postroenia elektronogo gosudarstva: na primere Respubliki Belarus i zarubezhnyh stran» [«Features of subjects of constitutional and legal relations in the conditions of building an electronic state: on the example of the Republic of Belarus and foreign countries»]. Studia Sieci Uniwersytetów Pogranicza, 2019. №3. – 208 s.

Safarova T.S. «Konstitutsionno-pravovoi status obshestvennyh obedinenii v Respublike Kaakhstan (nekotorye aspekty ego uregulirovaniya)» [«The constitutional and legal status of public associations in the Republic of Kazakhstan (some aspects of its settlement)»]. Vestnik Instituta zakonodatelstva Respubliki Kazakhstan. № 3 (7) 2007 g. S. 25.

Statistika internet i sotssetei na 2023 god – tsifry i trendy v mire [statistics of the internet and society for 2023 – figures and trends in the world] <https://www.web-canape.ru/business/statistika-interneta-i-socsetej-na-2023-god-cifry-i-trendy-v-mire-i-v-rossii/>.

«Tsifirlyk Kazakhstan» memlekettik bagdarlamasyn bekitu turaly» (kushin zhoigan) Kazakhstan Respublikasy Ukimetinin 2017 zhylgy 12 zheltoksandagy № 827 kaulysy. «Adilet» Kazakhstan Respublikasy normativtik kukykytk aktilerinin akparattyk-kukykytk zhuiesi [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 12, 2017 No. 827 “on approval of the state program” Digital Kazakhstan” (repealed). Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan” Adilet”]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.